**Түркістан облысы**

**Келес ауданы,Ұшқын ауылы.**

**№21 жалпы орта мектебі**

# КІТАПХАНА

## *№21 жалпы орта мектеп кітапханасының 2021-2022 оқу жылына жасаған жылдық жоспары*

***Дайындаған: кітапхана меңгерушісі –Г.Абуалиева.***

***2021-2022 оқу жылы***

**Бекітемін:**

**Мектеп директоры**

**Т.Байсбаев.**

04.09.21 ж.

## №21 жалпы орта мектеп кітапханасының 2021-2022 оқу жылында атқаратын жұмыстарының жоспары

***Кітапхананың өткен 2021-2022оқу жылындағы жұмысына қысқаша талдау:***

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаңа мақаласы аясында еліміздің келешегі рухани жаңару арқылы кемелденіп гүлденуі, өркендеуі қазіргі жастарға, олардың білім деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігіне тікелей байланысты екендігі айтылды. Міне, сондықтан да Елбасымыз қазақстандықтарға білім берудің жаңа сапасына көшуді тапсырған болатын. Бүгінгі таңда, еліміздегі азаматтық қоғамның дербес, белсенді және жауапкершілігі мол бөлігінің бірі – жастар. Қазіргі уақытта жастардың басты «әлеуметтік сатылары» сапалы білім болып табылады. Мемлекет жас ұрпақтың осы заманғы біліммен сусындауына барынша жағдай жасап отыр. Біздің бүгінгі ең басты мақсатымыз — елімізді дамыған 30 елдің қатарына ену. Сондықтан Елбасы мақаласында заманға сәйкес жаңғыру, оның ішінде рухани жаңғыру мәселесі жан-жақты талданды.

2018 жылдың 21 қараша күні жарыққа шыққан Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы. Аталмыш мақалада Қазақ халқының тереңнен бастау алатын тарихи және мәдени ерекшеліктеріне сондай-ақ, әлемдік өркениетке қосқан өзіндік үлесі туралы жазылған. Мемлекеттің нығаюы қарулығының күші мен дипломатиялық қарым – қатынаспен ғана өлшенбейді, мәдениеттің күштілігіне де байланысты. Мәдениет дегеніміз халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани және материалдық мәдениеттерінің жиынтығы. Мақалада бүгінгі жаһандану жағдайында ұлттың бірегейлігін сақтау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тарихын танып әрі ашылмаған қырларын зерттеуге шақырады. Олай болса ұлт ретінде сақталу жолында бұл мақала құнды құжат әрі ұлтты сақтаудың механизімі болмақ. Осы мақалада айтылғандай, мәдениеттіліктің бір ұшы әрине кітапқа келіп тірелері анық.

ҚР Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі – рухани жаңғырудың ең шешуші кезеңдерінің бірі. Бұл қоғамдық ой мен санаға түпкілікті өзгеріс жасайтын қадам. Осыған орай, Елбасының латын әліпбиіне көшу туралы жарлығы шықты. Елімізде қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиін пайдалана бастаған құрылымдар бар. Латын әліпбиіне көшу кезең-кезеңімен жалғаса береді. Нақты

белгіленген кесте бар. Сол жүйеден ауытқымаймыз..» деп, болашақ жастардың туған ана тілін құрметтеуге, өзге тілдерді де оқып меңгеруіне мол мүмкіндік туып отырғанын тілге тиек етті. Осы орайда, білім алудағы даңғыл жол, әрине кітап оқу арқылы келері анық. Ендеше, мәдени ошақ ол-кітапхана. Осы бағдарлама аясында, мектеп кітапханасында көптеген игі іс-шаралар бастау алып, бүгінгі таңда жас ұрпақ тәрбиесіне үлкен үлесі болатынына еш күмән жоқ. Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне сену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. Кітапхана жұмысының мақсаты: қазіргі заманауи технологияның қарыштап дамыған заманында кітапхананың назардан тыс қалмай, әрдайым оқырман назарында болып, соларға мінсіз қызмет ету, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, сонымен бірге әлем әдебиеті мен мәдениетін насихаттау, **о**қушылардың ақыл-ойын, тілін терең дамыту, **к**ітапты сүюге, ғибрат сөздерден үлгі-өнеге алуға, кітапты құрметтеуге баулу, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, өз отанымыздың тарихын, мәдени мұрасын, салт- дәстүрін, зиялы өкілдерінің өмірі, шығармашылығымен таныстыру. кітапхана арқылы оқырмандарды білім әлеміне тарту, кітап сөресіндегі кітаптарды оқырман қолына жеткізу, насихаттау, ой-өрісін кеңінен дамыту, қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету және оларды күтіп ұстауға үйрету. Білім жүйесін дамытуда оқулықтың сапалы болуының үлкен мәні бар.

Кітапхана қызметі мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағытталған оқу процесін жетілдіруге, мекеме қызметкерлерінің ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық қызметін жетілдіруге көмектесуге бағытталған.

Оқушылардың рухани қазына кітапқа деген талап-тілегі мен сұранысын қанағаттандыруды жақсарта беру - уақыт талабы. Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше. Кітапхана жұмысының мақсаты: қазіргі заманауи технологияның қарыштап дамыған заманында кітапхананың назардан тыс қалмай, әрдайым оқырман назарында болып, соларға мінсіз қызмет ету, кітапқа, мерзімді басылымдарға деген қызығушылығын арттыру. Оқушы оқырмандардың саны жылдан-жылға арту үстінде. Осыған орай, есеп беру жылында №21жалпы орта мектебінің кітапханасында ***2021-2022 оқу жылында мына төмендегідей жұмыстар атқарылды:***

Кітапханадағы жалпы кітап қорының саны –11491 дана, әдеби және оку-әдістемелік әдебиеттер саны – 2026 дана. Жаңа оқу жылына - 1596дана оқулықтар 1,2,3,6,7,11сынып сыныптарға жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы бойынша келіп, кітапхана оқулық қорына қабылданды, ал былтырғы оқу жылы осы мазмұнда 1 сыныпқа

түгел жаңа оқулық келіп түскен болатын. Биылғы жаңа оқулықтар – 1596дана келіп түсті, жалпы сомасы – 3122920 т. Оқулық әістемеліктер келіп түсті.

Мектеп кітапханасы оқу процесін қажетті оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдары, және ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатында, пән мұғалімдерінің және оқырман сұраныстарын негізге ала отырып, *«НЗМ», «Атамұра», «Мектеп», «Арман ПВ», «Жазушы», «Алматыкітап», «Білім», «Бөбек»* баспаларынан шыққан оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге тапсырыс берілді.

Мектептегі 1-11 сынып оқушыларының оқулықтармен қамтамасыз етілуі 97 пайыз, оның ішінде аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына оқулықтармен 100 пайыз қамтылды. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер (1-11 сыныптар) оқулықпен қамтылудан соң жыл көлеміндегі оқулықтардың жалпы жағдайын *«Оқулықты күте білесің бе?»* айдары жүргізіліп, әр тоқсан сайын оқулық тексерудің қорытындысы шығарылып жыл соңында «Жылдың ең үздік сыныбы», көркем әдебиетке қызығушылығын талқылай отырып «Жылдың үздік оқырмандары» танылып, марапатталды. Әр оқу жылы «Оқулықты күте білесің бе?» айдары барысында 2021-2022 оқу жылының үздік сыныбына 2а сынып АқтөреА, 3ә сынып Башарова Ұ,

5б сынып Балтабай А.7а сынып КучкарА, оқулықтарының деңгейінің дұрыс екендігі анықталып, «Жылдың ең үздік сыныбы» номинациясына төрт сыныпта лайық деп танылып, оқу жылы соңында мектепішілік марапатталды.

Адам көркем әдебиет оқу арқылы әрбір оқырман өзінің санасын кеңейте алады. Тіл мәдениетін дамытады, сөздік қорын көбейтетіні анық. Мектеп кітапханасына жыл көлемі көптеген оқырмандар тіркелу арқылы қалаған әдебиеттермен қауыша алу мүмкіндіктері әбден бар. Оқырманның кітапхана оқырманы болып тіркелуі оның көркем әдебиетке қызығушылығына жол аша алады. Әрбір оқырман қажет деректерін кітапхана ашық қорынан алуға құқылы. Осы орайда мына оқушылар айдың, тоқсанның үздік оқырмандары атанды: АлдабергенА.3сынып,4б, Авазхан 5а,БердмарН. 5б, Бейсен Құрмет 5б, Нәрік Арай 6а, Өтепберген Жарқынай 7б, Сатыбалды Сабина 7ә, Әбітай Балнұр 8а, Әжібай Назым 8б, Ахатова Тоғжан 9б, Айтуарова Мөлдір 9б, Өтеген Әсемай 10б, ӨАвазхан М.11а, Абу Ж. 11а, Пердехен А. 11а сынып оқушылары кітапқа қызығушылығын танытып, осылардың ішінен «Ең үздік деп 13 оқырман» сарапталып, оқу жылы соңында Соңғы қоңырау салтанатты жиыныда марапатталды. Жыл көлемі мектепішілік оқушылар арасынан №183 Бұйрығы «13» қазан 2018ж. шығарылып, кітапхана кеңесі мен белсенділері құрылып, оларға арнайы жұмыс жоспары түзіліп, нәтижесінде накты жұмыс жасалды. Кітапхана жұмысының ең бастысы кітапхана қорындағы оқулықтармен оқушыларды қамтамасыз ету болып табылады. Оқулықпен

толық қамтылып болған соң, жетіспейтін оқулықтарды сыныпішілік ұйымдастырулармен ата-ана көмегімен толық қамту мақсатында біршама жұмыстар өз дәрежесінде атқарылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын оқырмандарға таныстыру мақсатында үнемі жыл көлемі жұмыс істеп тұратын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Президент Жолдауы –ел болашағы», «Қазақстан-2050», «Boockrossing» кітаптар саяхатының мақсаты бойынша кітапханаға кітап сыйлау шарасы, «Мәншүк батыр, ел есінде шарықта», «Кітап - рухани қазына», «Бал - балапан әлемі», «Асқақ рухты өршіл ақын - Өмірбай Сәуірбаев», «Тіл – елдің мерейі» атты кітап көрмелері, әр түрлі даталы күндерге арналған көрме мен бұрыштар ұйымдастырылып, оқырман назарына ұсынылды. Әдеби-мерейтойлар, балалар кештері, оқырман ата-аналар отырыстары т.б. көптеген іс-шаралар оқырман назарында жұмыс жасады. Ең бастысы, жылдың бас кітабы болып таңдалынған Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінің желісімен 9а,б және 8а,б сыныптармен оқырмандар конференциясы жаңа үлгіде ұйымдастырылып, оқырман жүрегінен орын ала алды. Басты назарға алатын қаламыздың №9 Некрасов атындағы мектеп-гимназиясы кітапханасында «Уақыт пен кеңістік тоғысқанда ұлт тарихы басталады» атты қалалық кітапханашылар семинары әріптестер арасында жаңашыл әдістер алмасты.

Жартылған білім мазмұны бойынша кітапхана ісінің жаңашылдығымен көптеген жаңа игі істер орын алды. Облыстық Назарбаев зияткерлік мектебінде (химия-биология бағытындағы) инновациялық семинарға барып қатысып, марапаттау алынды.

**1.1 Жаңа оқу жылындағы кітапхананың міндеттері:**

-оқу процесін қажетті оқулықтар, әдістемелік және әдебиеттермен қамтамасыз ету;
-оқушыларды кітапханаға тартуда тиімді жұмыс түрлерін пайдалану, жүйелі түрде оқу дағдысын егу;
-мектеп педагог қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін көтеруге көмектесу;
-оқырмандардың ақпараттық мәдениетін, танымдық әрекеттерін қазіргі заманғы кітапханалық технологиялар негізінде дамыту;
-диагностикалық жұмыстарды және мониторинг жүргізу;
-кітапхана оқырмандарын көркем әдебиетпен қамту;
-оқушылармен мәдени іс-шаралар ұйымдастыру;
-жылдың бас кітабын барша оқырмандарға оқуды ұсыну;
-кітапханаға кітап сыйлау мақсатындағы акция ұйымдастыру;
-жеке жазылушыларды мерзімді басылыммен қамтамасыз ету

1.2

## 1.3 Кітапхананың негізгі көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | 2020-2021 оқу жылы | | 2021-20 22оқу жылы | |
|---|---|---|---|---|
| | Жоспар | Орындалғаны | Жоспар | Орындалғаны |
| Оқушы саны | 443 | | 430. | |
| Оқырман саны | 392 | | 350 | |
| Келім | 3528 | | 3150 | |
| Берілім | 7056 | | 6300 | |
| Оқу зал | 1 | | 1 | |
| Орындық | 20 | | 20 | |
| Әдістемелік | 351 | | 671 | |
| Әдеби оқулық | 1544 | | 1538 | |
| Сөздік | 18 | | 30 | |
| Электрондық | 269 | | 84 | |
| Анықтамалық | 113 | | 84 | |
| Оқулық | 9347 | | 9581 | |
| **Кітап қоры** | **11491** | | 11988. | |

## II. Оқырмандармен жұмыс

| к/с | Іс-шара тақырыбы | Жұмыс түрі | Оқырман тобы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге тегін оқулықтар тарату | Оқулық тарату | 1-11 сыныптар | Тамыз-қыркүйек | Кітапханашы |
| | Оқырмандар мен жаңа оқырмандарды кітапханаға қабылдау. | Оқырман қабылдау | Жыл басынан | Кітапханашы | |
| 2 | Жаңа оқырмандарды кітапханаға тарту | Кітапханаға саяхат | 1-сынып | Жыл басынан | Кітапханашы |
| 3 | Кітапханаға жаңа оқырман қабылдау, тіркеу. | Кәсіби жұмыс | Қажет ететіндер | Үнемі | Кітапханашы |
| 4 | Оқу залы оқырмандарының сұраныстарын үнемі қанағаттандыру. | Оқырманмен жұмыс | Қажет ететіндер | Күнделік Ті | Кітапханашы |
| 5 | Рухани жаңғыру аясында оқырмандарға жаңаша көркем әдебиеттер насихаттау, ұсыну. | Сауалнама жүргізу,үгіт-насихат, формуляр талдау | Барлық сыныптар | II тоқсан | Кітапханашы |
| 6 | Оқыған кітап туралы әңгіме,ұсыныс (каникул кезінде) | Әңгіме | Баст., орта, жоғары сыныптар | Каникул сайын | Кітапханашы |

## III. Әдебиеттерді насихаттау

| к/с | Іс-шара тақырыбы | Жұмыс түрі | Оқырман тобы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| I | **Оқу-тәрбие процесіне көмек** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Пән апталықтарына, мектепішілік іс-шараларға көрнекіліктер, әдістемеліктер, құжаттар іріктеу. | Әдебиеттерді іріктеу,ұсыну, кітап көрмелерін ұйымдастыру | Мұғалім Дер | Жыл бойына | Кітапхана шы |
| **2** | «Конституция – ең маңызды Заң» | Көрме | Барлық оқырман дар үшін | Тамыз | Кітапхана шы |
| **3** | «Мұғалімдер, Сіздер үшін!» | Жаңа түскен оқу-әдісте-мелік әдеби-ет. шолу, акп. бюллетень, әдебиеттер тізімі | Мұғалім Дер | Қыркүй ек(келуі не орай) | Кітапхана шы |
| **4** | Сұраныс бойынша әдістемелік бірлестік отырыстарын өткізуге қажетті құжаттарды іріктеу | Әдебиеттерді іріктеу,кітап көрмелері | Мұғалім Дер | Кезінде | Кітапхана шы , әдіст. бірл. жетек. |
| **5** | «Әлем өзгерумен бізде өзгереміз» мұғалімдер үшін жаңа педагогикалық инновациялық басылымдар. | Тақырыптық сөре | Мұғалім Дер | Тұрақ ты | Кітапхана шы ДОІЖО |
| **6** | «Оқулық беттерінен тыс» | Әдебиеттер дің ұсыныс тізімі | 5-10 сыныптар | ІІ-ІІІ тоқсан | Кітапхана шы |
| **7** | Кітапхана кеңесі мен белсенділерін сайлау | Отырыс | Мектеп әкімшілігі, оқушылар | Қыркүй ек - Қазан | Кітапхана шы, Әкімшілік |
| **8** | «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бағытымен «Кітап және балалар» балалардың кітапхананы пайдалануы және кітап оқуы жөнінде | Ақпарат | Ата-аналар үшін | Ата-аналар жина-лысы | Кітапхана шы |
| **9** | Қ Р Білім және ғылым министрлігінің арнайы №400 Бұйрығымен "Білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқулықпен қамтамасыз ету" барысында түсінік жұмыстарын жүргізу. | Хабарлама | Ата-аналар үшін | Ата-аналар жина-лысы | Кітапхана шы, ДТІЖО |
| **10** | 1-қыркүйек «Білім күніне» орай «Білген адам білімді өмір бойы іздейді» | Кітап көрмесі | Барлық оқырман дар үшін | Қыркүй ек | Кітапхана шы |
| **ІІ** | **Тәрбие бағыттары бойынша** | | | | |
| | **Саяси және құқықтық мәдениет тәрбиесі** | | | | |
| **к/с** | **Іс-шара тақырыбы** | **Жұмыс түрі** | **Оқырман тобы** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
| **1** | 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні | Отырыс | Ата-аналар | Мамыр | Кітапхана Сын.жет ДТІЖО |
| | Рухани жаңғыру барысында арнайы жастар жылы «Жастар – біздің болашағымыз» | Дебат | 10-11 сын | ІІ тоқсан | Кітапхана Сын.жет ДТІЖО |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ҚР-ның Тіл туралы Заңы аясында<br>«Тілім менің - тірегім» | Кітап көрмесі | Жалпы оқырм.үшін | Жыл көлемі | Кітапхана шы |
| 3 | Тілдер мерекесі қарсаңында<br>«Мәртебелі менің тілім» | Кітап көрмесі | Жалпы оқырм. үшін | Қыр-күйек | Кітапхана шы |
| 4 | Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай<br>«Ұлы дала елінің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік!» | Кітап көрмесі | Жалпы оқырм. Үшін | Желтоқсан | Кітапхана шы |
| 6 | «Жол әліппесі!» | Әңгіме | 3 сынып | Қыркүйек | Кітапхана, сын.жетек |
| | **Ұлтжандылық тәрбие** | | | | |
| **к/с** | **Іс-шара тақырыбы** | **Жұмыс түрі** | **Оқырман тобы** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
| 1 | «Жойылсын сол бір сөз соғыс деген...»<br>9-Мамыр Ұлы Жеңіске 76 жыл ! | Кітап көрмесі | Жалпы оқырм.үшін | Мамыр | Кітапхана шы |
| 2 | Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы. | Кітап көрмесі | Барлық оқырм үшін | Қазан | Кітапхана |
| 3 | 1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні. «Елбасымды құрметтеймін ерекше» | Кітап көрмесі | Жалпыға | Желтоқ | Кітапхана |
| 4 | Рухани жаңғыру «Туған жер» бағдарламасы аясында «Өз өлкемді сүйемін» | Саяхат-сабақ | 7 сыныптар | Сәуір | Кітапхана шы |
| | **Рухани –адамгершілік тәрбиесі** | | | | |
| **к/с** | **Іс-шара тақырыбы** | **Жұмыс түрі** | **Оқырман тобы** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
| 1 | Рухани жаңғыру, Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған эстафета | Абай өлеңдерін оқу | Әр түрлі сыныптар | Қараша | Кітапхана<br>Пед. ұйым<br>ДТІЖО |
| 2 | Рухани жаңғыру аясында<br>«Әрбір қазақ оқуы тиіс 100 кітап» | Кітап оқу күні | Әр түрлі сыныптар | Аптасы. бір рет | Кітапхана<br>ДТІЖО<br>Сын.жетек |
| 3 | «Сіздің балаңыз және құдіретті кітап» | Дөңгелек үстөл | Ата-аналар | ІІ тоқсан | Кітапхана<br>Пед. ұйым<br>ДТІЖО |
| 4 | « Ана – тіршіліктің тірегі»<br>8-Наурыз мерекесіне орай | Кітап көрмесі | Жалпыға | Наурыз | Кітапхана<br>Кітапх.белс |
| 5 | «Наурыз- Көктем!» Ұлыстың ұлы күніне орай | Кітап көрмесі | Барлық оқырм. Үшін | ІІІ тоқсан Наурыз | Кітапхана,<br>Кітапх.белс |
| 6 | Қауіпсіздік қағидасы<br>«Жол қауіпсіздігі ережелерін білесің бе? | Бұрыш | Жас жеткіншектер үшін | І тоқсан<br>қыркүйек | Кітапхана шы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2-Сәуір - Балалар кітабы күніне орай «Ертегі тыңдап өсемін...» | Ертеңгілік | 3-сынып | Сәуір | Кітапхан Сын. жет |
| | «Бір ел – бір кітап» акциясы» **2019** республикалық акциясы бойынша Ә.Тәжібаевтың лирикалық шығармалары мен Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» кітаптары. Бұл кітаптарды оқу, жыл бойы насихатталатын болады. | Оқырмандар конференциясы | 10-11 сыныптар | Қараша | Кітапхан. пән мұғал. Пед.ұйым |
| **IV** | **Әдеби - мерей той иегерлері** | | | | |
| **к\с** | **Іс шара тақырыбы** | **Жұмыс түрі** | **Оқырман тобы** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
| **1** | «Балалардың атасы» (қазанда) Жамбыл Жабаевтың 175 жыл. | Кітап көрмесі | Жасөспірімдер үшін | Қазан | Кітапхан. сын.жетек. |
| **2** | Ғарыш әлемі Талғат Мұсабаевтың 70 жылдығы. | Әдеби кеш | 10 сын | Ақпан | Кітапханашы, кітапх.белс. |
| **3** | Д.Нұрпейсова 160 жыл | Ауызша журнал | 8 сынып | Қазан | Кітапхан Пән мұғал. Пед. ұйым |
| **4** | Өзбекәлі Жәнібековтың 90 жылдығы. | Кітап көрмесі | Барлық оқырм. Үшін | Қараша | Кітапханашы |
| **5** | «Әдебиет-рухани әлемінің тұңғиығы» жыл. | Кітап көрмесі | Барлық оқырм. Үшін | IV тоқсан | Кітапханашы |
| **7** | Жас алаштың шыққанына 100 жыл. | насихаттау | 9-10 сын. | Мамыр | Кітапханашы |
| **8** | С .Оразбаевқа 85 жыл. | Шығармалары | 10-11 сын | Қыркүйек | Кітапхан |
| **9** | Ұлы Абайға 175 жыл «Қазақ әдебиетінің асыл шығармалары» | Кітап көрмесі | Жалпы оқырм үшін | Жыл көлемі | Кітапхан Кітапх бел |
| **10** | Алихан Бөкейхан 155 жыл | көрме | | қаңтар | |

## IY. Кітапхана қорын қалыптастыру

| **к/с** | **Іс-шара тақырыбы** | **Жұмыс түрі** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | Қорды жаңа басылымдармен толықтыру<br>- баспалардың прайс-парақтарымен жұмыс | Сұраныс жасау | Жылына бір рет | Кітапханашы |
| **2** | Келіп түскен әдебиеттерді есепке алу ,өңдеу (код қою), орналастыру | Есеп құжаттарын жүргізу | Түсуіне орай | Кітапханашы |
| **3** | Кітап қорынан әдебиеттерді шығару | Акт | IY тоқсан | Кітапханашы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қорды безендіру :<br>-сөрелік бөлгіштер /саны /<br>- әріптік бөлгіштер /саны / | Бөлгіштер | | Кітапханашы |
| **5** | Тазалық күнін өткізу | Тазалау | Ай сайын | Кітапханашы |
| **6** | Кітап түптеу ,жөндеу (сыныптарда апталық ұйымд.) | Түптеу | Кезінде, ІҮ тоқсан | Кітапханашы, белсенділер |
| **7** | Қарыз оқырмандармен жұмыс /берілген басылымдардың кітапханаға уақтылы қайтарылуына үнемі бақылау жасау/ | Хабарлама, ескерту | Уақыты на қарай | Кітапханашы Кітапхана белсенділері |
| **8** | Қор құрамын зерттеу ,оның пайдалануына талдау жасау | Талдау | ІІІ тоқсан | Кітапханашы |

## Ү. Анықтама –библиографиялық жұмыс

| **к/с** | **Іс-шара тақырыбы** | **Жұмыс түрі** | **Оқырман тобы** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттау жұмыстары | Кітапхана сабақтары | 2-9 сын. | Кестеге сай | Кітапханашы |
| **2** | Алфавиттік және (жүйелі) каталогты толықтыру | Сипаттама жасау | | Түсуіне орай | Кітапханашы |
| **3** | Мақалалардың жүйелі картотекасын толықтыру | Сипаттама жасау | | Күнделікті | Кітапханашы |
| **4** | «12 жылдық білім» | Тақырыптық картотека | Мұғалімдер | Жыл көлемі | Кітапханашы |
| **5** | Өлкетану картотекасы «Түркістан - туған өлкем» | Сипаттама жасау | | Әр тоқсанда | Кітапханашы |
| **6** | «Жаңа педагогикалық басылымдар» | Ақпарат күні | Мұғалімдер | І тоқсан | Кітапханашы |
| **7** | «Баспалардан балаларға базарлық» | Ақпараттық тізім | Бастау сыныпта | Әдебиет. түс.орай | Кітапханашы.сын. жетекш. |
| **8** | Библиографиялық анықтамаларды орындау | Анықтама | Бар. оқырм. топтары | Кезінде | Кітапханашы |
| **9** | «Мектеп бағдарламасына көмек» | Әдеб.ұсыныс тізімі | 9-11 сынып | І тоқсан | Кітапханашы |
| **10** | «Жазғы демалыстағы оқулар» | Жазғы дем. кезінде ұсын. әдебиет тізімі | 5-10 сын. | Мамыр | Кітапханашы, пән мұғалім. |

## ҮІ. Біліктілікті көтеру

| **к/с** | **Іс-шара тақырыбы** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|
| **1** | Қарыз оқырмандармен жұмыс /берілген басылымдардың кітапханаға уақтылы қайтарылуына үнемі бақылау жасау/ | Әр тоқсан сайын | Кітапханашы |
| **2** | Семинар, педагогикалық оқуға қатысу | Жоспарға сай | Кітапханашы |
| **3** | Білім жетілдіру курстарынан өту | Кестеге сай | Кітапханашы |
| **4** | Озық кітапханалық тәжірибелерді өз қызметіне енгізу | Үнемі | Кітапханашы |
| **5** | Өз білімін көтеру | Үнемі | Кітапханашы |
| **6** | Кәсіби басылымдардағы мақалалармен және әдебиеттермен танысып отыру | Үнемі | Кітапханашы |
| **7** | Қалалық кәсіби байқауларға қатысу | Жоспарға сай | Кітапханашы |
| **8** | Баспасөзге мақалалар жариялау | Кезінде | Кітапханашы |
| **9** | Кәсіби басылымдарға жазылу | Жылына 2 рет | Кітапханашы |

## ҮІІ. Оқулықтар қорымен жұмыс

| №с | Іс-шара тақырыбы | Жұмыс түрі | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оқулықтарға сұраныс жасау ,оны рәсімдеу | Сұраныс | Сәуір | Кітапханашы пән мұғалімд |
| 2 | Мектеп әкімшілігімен сұраныстың келісілуі және бекітілуі, оны ҚББ-не тапсыру | Сұранысты тапсыру | Сәуір | Кітапханашы |
| 3 | Берілген сұраныстың орындалуына бақылау жасау | Бақылау | Кезінде | Кітапханашы |
| 4 | Түскен оқулықтарды қабылдау және техникалық өңдеу | Өңдеу | Түсуіне орау | Кітапханашы |
| 5 | Есеп құжаттарын рәсімдеу | Есеп құжаттары | Түсуіне орау | Кітапханашы |
| 6 | Оқулықтарды тарату | Тарату | Тамыз қыркүй | Кітапханашы |
| 7 | Оқулықтарды қайта қабылдау | Қабылдау | Мамыр-маусым | Кітапханашы |
| 8 | Ескірген және тозған оқулықтарды есептен шығару | Акт | Мамыр | Кітапханашы |
| 9 | Оқулықтар қорын сақтау жұмыстары :<br>-рейдтер жасау<br>-оқулықтар айнасы<br>-байқау –конкурстар | Тексерулер | Үнемі | Кітапханашы |
| 10 | Оқулықтардың резерв қорымен жұмыс :<br>-есебін жүргізу<br>-мектепаралық резерв қоры картотекасы үшін мәліметтер дайындау<br>-басқа мектептерден алу, беру | Кәсіби жұмыс | Үнемі<br>кезінде | Кітапханашы |
| 11 | Баспалардың прайс -парақтарымен жұмыс | Оқу тізбект. | Сәуір | Кітапханашы |
| 12 | Оқулықтар қорының пайдалануын зерттеу және талдау | Талдау | I-IY тоқс. | Кітапханашы |
| 13 | Оқулықтармен қамтамасыз етулу деңгейінің диогностикасы | Диагностика | I-IY тоқс. | Кітапханашы |
| 14 | Балама оқулықтардың пайдаланылуына талдау | Талдау | I-IY тоқс. | Кітапханашы |

**Дайындаған кітапхана меңгерушісі :** [signature] **Г.Абдуллаева.**

Келес ауданы

«Ұшқын»

Достық ауылы.

№21 жалпы орта мектеп.

Тақырыбы: **1-Қыркүйек Білім күні « Терең білім,еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»**

(шолу)

Кітапханашы: Г.Абдуалиева.

1.09.2024 Тексерілді Б/В

**1-қыркүйек – Білім күні "Терең білім ,еңбекқорлық және отаншылдық қасиет "**

Білім күні – ерекше, жарқын, көңілді және ізгі мереке. Жылдың осы күнінен бастап білім әлеміне деген күрделі, сонымен қатар қызықты жол басталады.

Жадыраған жаздың жаймашуақ үш айы көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Қоңыр күздің алғашқы күні асқақ армандарын арқалап, мектеп табалдырығын аттағалы отырған балдырғандар мен жиған білімдерін тереңдете түсу үшін еліміздің барша оқушылары алтын ұя мектебіне оралады. Бұл күні таңертеңмен қолдарына шоқ-шоқ гүлдерін алып, мектепке асыққан кіп-кішкентай балапандарды көру үлкен бір қуаныш.

1 қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл мереке кейбір азаматтардың мектеп қабырғасын, колледж және жоғары оқу орындарына барған күндерін еске түсірумен сипат алса, жас мұғалімдердің алғашқы жұмыс күні әсері мен толғанысын айғақтайтын ұмытылмас сәттерімен есте қалады. Әрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын бұл күн еліміздің барлық тұрғындарының басын біріктіреді.

Білім беру мекемелерінің педагогтары мен жетекшілері табалдырық аттағалы тұрған оқушылар мен тәрбиеленушілерді қарсы алады, бұл күн тек атаулы мереке ғана емес, бұл біздің еліміздің болашағы тәуелді болған қызу қайнаған, жауапты кезең бастамасы.

Бұл күн, әсіресе, 1-сыныпқа аяқ басқан бүлдіршіндер үшін аса маңызды. Дәл осы күннен бастап, алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адам өмірінің жеке тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезеңі басталады. Ендеше, тарыдай болып кірген жас бүлдіршіндерге келешекте таудай азамат болып шығуына тілектеспіз.

Абай атамыз: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі» деген екен. Сондықтан бүгінгі жастар білім жинауға қашанда асығып, тәуелсіз еліміздің игілігі жолында білімдерін ел кәдесіне жаратып, болашақта озық ойлы, өрісі кең, өрелі азаматтары болуы қажет. Осы жолда қажымай, талмай еңбек етіп жүрген ұстаздарымызға педагогикалық ізденіс, жаңа серпін, шығармашылық табыс тілейміз!

Қадірлі жас! Жаңа оқу жылында биік белестерге жетіп, білімнің заңғар шыңынан көрініңіздер. Бүгінгі жаймашуақ мереке күні сіздерге жақсы көңіл-күй, жаңа жетістіктер мен шығармашылық табыстар тілейміз. Өмірдің сынынан да, білімнің сынынан да сүрінбеңіздер. Мерекелеріңіз құтты болсын!

*Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы.*
*Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.*
*Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.*
*Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.*
*Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!*
*Мен Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым.*
*Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын.*
*Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.*
*Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік*
*Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек,- деп айтып кеткен болатын Елбасымыз өзінің жолдауында.*
*Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана елорданың қай жерде болуын таңдау мүмкіншілігіне Елбасымыз ие болды. Астанамыздың Қазақстанның орталығында болуы қай жағынан алып қарасаңда дұрыс шешім еді. Себебі, Сарыарқа талайды көрді, талайға төзді. Бағзы бабаларымыздың ақ найзаларын аспанға атқан айбырлы жеңістерінің куәгері болды.*
*1998 жылы 10 маусым күні тәуелсіз Қазақстан жаңа да жас қала Астананың атын бүкіл әлемге паш етті.*
*Қазақстан аумағы 2724,9 мың км2-ге тең. Жерінің көлемі жағынан Қазақстан дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттердің қатарына жатады.*
*Кіші батыс аймағы Европада, ал көлемді шығыс аймағы Азияда жатыр. Жайық өзенінің екі жағында орналасқан Атырау қаласы тұрғындарының Еуропа мен Азияға күнде саяхат жасауға мүмкіндіктері бар. Мұндай мүмкіндік, сонымен қатар Ресейде де бар. Физикалық - географиялық жағдайы тұрғысынан, Қазақстан Тынық мұхиты пен Атлант мұхитынан, сондай-ақ Үнді мұхиты мен Солтүстік Мұзды мұхитынан бірдей дерлік қашықтықта орналасқан. Оның мұхиттардан шалғай жатуы әрі аумағының үлкендігі климатының өзіндік ерекшелігін қалыптастырады. Қазақстан батысында - Еділдің төменгі ағысынан, шығысында - Алтай тауларының етегіне дейін 3000км-ге, солтүстіктегі - Батыс Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне дейін 1650км-ге созылып жатыр. Сөйтіп, республиканың географиялық орны оның табиғат жағдайларын анықтайды.*
*1995 жылы Қазақстан Ассамблеясы құрылды.*
*Ассамблеяның ең басты міндеті – еліміздегі қоғамдық келісім. Қазақстандағы қоғамдық келісім – ең алдымен қазақтың келісімі екенін мықтап есте ұстаған абзал. Татулық пен тұрақтылық ел иесі ретінде ең алдымен қазаққа керек. Қазақтың ынтымағы мен бірлігі мықты болмайынша мемлекеттің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес Міне, биыл Ассамблеяға 20 жыл толып отыр.*
*Ассамблеяға қазіргі таңда 394 ел мүше, соған қарамастан Қазақстан елі басқа этностармен бейбіт , тату қарым-қатынаста!*

*Ұлы Отан Соғысының жеңіспен аяқталғанына міне 70 жыл болды. Бірақ, сол жылдар жаңғырығы адамзат жүрегін әлі сыздатуда. Иә, уақыттың тарихы атты өз төрешісі бар.1945 жылдың 30 сәуірінің кешінде 6 сағат 30 минутта Жеңіс туы тігілді. Ту тіккен — Рақымжан Қошқарбаев. 4 жылға жуық созылған қан төгіс аяқталды. 9 мамыр — Жеңіс күні. Бірақ бұл жеңіс оңайлықпен келмеді. КСРО-ның 1710 қаласы күл талқан болды. 70 мыңнан*

*астам село мен деревняны өрттеп жіберді. Қаншама ана баласыз, қаншама бала әкесіз қалды. Соғыс даласынан 20 миллионнан астам адам қайтқан жоқ, ал соның ішінде 350 мыңы қазақ болатын.*

*Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, құдайға шүкір, ешкімнен кем емес. Мысалы, эпос жанрын алайық. Айтатынымыз да, мақтан ететініміз де – осы эпостарымыз. Кең қарымды, кең құлашты, қазіргіше айтқанда – поэмаларымыз.*
*Екінші, дәстүрлі мәдениетімізді, яғни қолөнеріміз жайлы ауыз толтырып айта аламыз. Қолөнер мәдениетіміз өте тереңнен бастау алады. Скифтің алтынмен апталған, күміспен күптелген дүние мүліктерінен бастап, өзіміздің күні кешеге дейін әке-шешеміз тіккен киіз үй – қолөнердің ең ұлы шыңы. Киіз үйдегі сүйектен, ағаштан, киізден, шиден т.б. жасалған қажетті заттардың бәрінен құрастырылған ғажайыпты ақыл-ойдың нәтижесі, табысы деп қабылдауға болады. Бұл ретте көшпелілер өзінің тұтынатын қолөнер заттарын өнер деңгейіне жеткізген.*
*Үшіншісі, музыкалық мәдениеті.*
*Қоғамдық-саяси мәндегі оқиғаларға орай Қазақстан Республикасы азаматтарының дәстүрлі мемлекеттік мерекелері белгіленген. Олар:*
*Жаңа жыл (1-2 кантар)*
*Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз)*
*Наурыз мейрамы (22 наурыз)*
*Қазақстан Халықтарының бірлігі мейрамы (1 мамыр)*
*Отан қорғаушылар күні (7 мамыр)*
*Жеңіс күні (9 мамыр)*
*Қазақстан Республикасының Конституциясы күні (30 тамыз)*
*Отан қорғаушы күні (7 мамыр)*
*Медицина қызметкері күні (маусымның үшінші жексенбісі),*
*Баспасөз, теледидар және радио күні (маусымның соңғы жексенбісі )*
*Металлург күні (шілденің үшінші жексенбісі)*
*Құрылысшы күні (тамыздың екінші жексенбісі)*
*Спорт күні (тамыздың үшінші жексенбісі)*
*Білім күні (1 қыркүйек),*
*Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні (қыркүйектің үшінші жексенбісі)*
*Мұғалім күні (қазанның бірінші жексенбісі )*
*Ұлттық валюта күні (15 караша)*
*Энергетик күні (желтоқсанның үшінші жексенбісі).*
*Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелері демалыс күндері болып саналады.[1]*

*Сұрақ – жауап ойыны.*
*ҚР-ның туы мен елтаңбасы қашан қабылданды ? (1992ж 4- маусым)*
*Жалаудың ұзындығы (2 метр)*
*ҚР-ның жаңа Конституциясы қашан қабылданды? (1995 ж 30-тамыз)*
*Конституция неше бөлім неше баптан тұрады ? (9 бөлім ,98 баптан)*
*Қазақстан Ассамблеясы құрылған жыл? (1995 жыл)*

V. Қорытындылау, бағалау.
VI. Үйге тапсырма.

*Отан жайлы мақал-мәтелдер жаттап келу.*


ҚҰШТАР МЕКТЕП
COWORKING
